

Мәмбетова М. Түркілдес мемлекеттердің интеграциясы.

ӘОЖ 419.99
M 36

Мәнишук МӘМБЕТОВА

филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Ол-Фараби атындағы Қазак Үлгітік университеті

TURKITIUDES MEMLEKEETTERDIN INTEGRAZIASI

Түркі мемлекеттерінің интеграциясы тәуелсіздігіне қол жеткізген үлкен-кішілі мемлекеттердің бірлігі мен дамуына, мәдени экономикасының артуына мол мүмкіндігін туғызады. Макалада түркі интеграциясының мақсатын айқындастын алғышарттар туралы сөз болады.

Кілт сөздер: интеграция, экономикалық интеграция, мәдени интеграция, интеграциялық байланыс.

Тарихтың қазіргі даму кезінде әлемнің күшті мемлекеттері, тіпті дүниежүзілік державалар да экономикалық және мәдени интеграция мәселесіне терең мән берді. Бұл ретте Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазіргі күрделі геосаяси және геоэкономикалық халықаралық жағдайда кез келген елдің жалғызы, жеке-дара дами алмайтынын шегелеп айтыш, тарихи-мәдени және географиялық-экономикалық түрғыдан мұдделес елдермен одақ құрып, аймақтық деңгейде бірлесу мәселесіне ерекше назар аударуда.

XXI ғасырда қайта жаңғырған мәселені құшпен емес, тек түрік халықтарының мәдени интеграциялық, экономикалық қарым-қатынастар арқылы ерікті негізінде шешпудің мүмкіндігі туды. Түркі тектес үлкен-кішілі мемлекеттер жан-жақты дамып, барған сайын бір-бірімен қарым-қатынастары нығая түсіү жаһандану кезеңінде басты құндылықтар болыш табылады. Интеграциялық байланыстар саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми бағытта жүзеге асуы қажет. Қазіргі дербес түрік мемлекеттердің арасында осы барыстың нышандары жыл өткен сайын жаңа тарихи стратегиялық бағытта өріс алуда. Мысалы, қазақстан мен Түркия жоғары деңгейдегі мәдени-интеграциялық, экономикалық байланыстары Қазақстан тәуелсіздігін жарияламас бүрүн бастаған болатын. Сол кездегі Түрік Республикасының Президенті Түрғыт Өзалдың және Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бауырластық, достық қарым-қатынасы болашақ экономикалық, интеграциялық қарым-қатынастың дамуына жол ашты. Сол кездерден бері жоғары деңгейдегі өзара ресми сапарлар бауырлас екі ел арасындағы мәдени, экономикалық қарым-қатынастар мен ынтымақтастық үдайы дамып, нығаюына үлкен септігін тигізуде. Тарихи түрғыдан алғанда аз ғана уақыт ішінде елдеріміз арасындағы қатынастар өзара сенімшің биік дәрежесіне көтерілді. Жемісті ынтымақтастықтың айқын нәтижесі ретінде Қазақстан мен Түркия арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастар достық, бауырластық және

сындарлы үнкөткесінде барысында дамуда. Мұның жарқын дәлелі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Түркияға 2009 жылғы қазандығы ресми сашар барысында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы Стратегиялық әріптестік туралы шартты айта аламыз. Халықаралық сараптау – талдау қауымдастырып бүтінгі Түркия мемлекетін барынша қарқынды даму үстіндегі және жаһандық дағдарысты табысты еңсеріп қана қоймай, экономикада белгілі бір табыстарға қол жеткізген, Еуропадағы экономикалық ахуалды жаңдандырган қорғаушы құш ретінде сипатталады.

Соңғы жылдары табысты жүргізген экономикалық саясаттың нәтижесінде түрік экономикасы әлемде 16-шы орынға және Еуропада 6-шы орынға ие. Қазіргі таңдағы Түркия үкіметінің стратегиялық мақсаты – әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті 10 елдің қатарына енү [1].

Түркия – Қазақстанның аймақтық сенімді сауда-экономикалық әріптесі. 2010 жылдың қорытындысы бойынша, екі ел арасындағы сауда айналымы 2,9 миллиард АҚШ долларын құраған. 2011 жылдың қорытындысы бойынша, бұл сан 3,9 миллиард АҚШ долларына жетті. Келешекте Қазақстан мен Түркия арасындағы сыртқы сауда көлемін 10 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайтуға бағытталған.

Қазақстан мен Түркия арасындағы теміржол магистралін жолға қою мақсатында «Түркия-Иран», «Иран-Түркіменстан-Қазақстан» және «Карс-Ахалкалаки-Тбилиси-Баку» темір жолдары магистральдерін салып бітіру Қазақстан мен түркия арасындағы сауда айналымын және Қазақстанның энергия ресурстарын әлемдік рыноктарға тасымалдауды едәуір ұлғайтуға, каспий аймағы мен Еуропа арасындағы тікелей көлік қатынасын нығайтуға мүмкіндік туғызады [1].

Қазақстан ТМД, Кеден Одағы, Еуразиялық экономикалық одақ, оргалық Азия ынтымақтастық үйимы сияқты әртүрлі аймақтық экономикалық интеграциялық жобаларға белсене қатысын келеді. 2011 жылы Алматы қаласында Президент Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен Түркі тілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі (Түркі кеңесі) құрылды. Оған дейін, 2009 жылы Нахчыванда өткен Түркітілдес елдердің IX саммитінде Елбасымыз Түркі кеңесі аймақаралық үйимын құру жөнінде ұсыныс жасаған еді. Оның мақсаты түркітілдес елдердің арасындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту, ортақ қауіпсіздік мәселелерді шешу болыш табылады [2].

ХХ ғасырдың екінші жартысы интеграциялық процестердің белсененді даму кезеңі болды. Осы уақытта БҰҰ, ЕҚҰҰ, ХВҚ ірі бірлестіктер жұмыс істей бастады. ХХI ғасырдың басында интеграциялық тәжірибе жаңа мазмұнмен толықты. Интеграциялық құрылымдарды құру жылдамдығы мен қарқыны өзгерді. Жаһандану мен мәдени үйлесімділіктің қазіргі кездегі бет алысы ұлттық сана мен өзгешеліктің даму мүмкіндіктерін шектеуде [3].

Мәмбетова М. Түркілдес мемлекеттердің интеграциясы.

Сондыктан да көп жақты ынтымақтастықты жақтайдын идеология ерекші маңызға ие болуда. Мұндай идеологияның негізін тең құқықтық және өзара тиімділік, адамға құрмет, оның құқығы мен сәттілігіне қамқорлық ұстанымы құрылуды тиіс.

Прагматизм мен иедологиялық бөлікті біріктіру – Еуразиялық стратегияны кең жүзеге асыру жолындағы маңызды кезең болған. ЕурАЗЭҚ (Еуразиялық Экономикалық қауымдастық) табысы мен бәсекеге қабілеттілігінің кешілі. Қауымдастықтағы интеграцияның нормативтік-құқықтық негіздері көп ретте Еуропалық одақты құру мен дамыту тәжірибесінің тікелей көрінісі болып табылады. Алайда ЕурАЗЭҚ-ты қалыптастыру және дамыту стратегиясында еуропалық тәжірибе сол күйінде көшіріле салмай еуразиялық аймақтық ерекшелігі ескеріліп, тереңнен ойластырылып барып жасалады. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл жөнінде: «ЕурАЗЭҚ құрылымының диалогтық негіздерін дамытудың стратегиялық бағыттары мен ынтымақтастық қарқыны, бәлкім, ЕС үлгісін еске түсіретін болар. Дегенмен, Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүші мемлекеттердің тарихи, мәдени менталитеттік ұқсастығы олардың байланыстарын мейлінше тығыз және қамтитындей ете түседі» [4].

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразиялық интеграция идеясының жүзеге асуының негізі 1995 жылғы 20 қаңтарда Беларус Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы кедендей одақ туралы қол қойылған Келісімде қалаңған болатын. Бұл қадам құрылтайшы елдер үшін негізгі мақсат емес, керісінше еуразиялық аймақтағы мейлінше терещ интеграцияны қалыптастыру сияқты мәселені шешудің амалы еді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев атап айтқандай, «Біздің елдеріміз бен халықтарымыздың іс жүзінде жүзеге асыратын интеграциялық әрекеттері рыноктық және демократиялық реформаларды табысты жүргізуге ықпал етеді. Экономикалық интеграция мәселелерін шешіп алмай, саяси жақындасуға үміт арту екіталай, ал оған тауарлар мен қызмет көрсетудің, капитал және жұмыс орындарының ортақ рыногын жасау арқылы жетуге болады» [5]. Кедендей одақ құру арқылы Еуропалық интеграцияны дамыту посткеңестік республикалардың алдында тұрған сауда-экономикалық ынтымақтасты, бірлестікке мүші мемлекеттер арасындағы ықпалдастықты тереңдету, өзара сауда операцияларындағы шектеулерді жою, ұлттық экономикаларды тиімді реформалау сияқты басым міндеттерді іс жүзінде шешуге бағытталған.

Осы арада айта кететін бір жайт, Түркі Кеңесі мен Еуразиялық Экономикалық одаққа Қазақстанның бір уақытта белсене қатысуы қарама-қайшылық туғызбай ма деген орынды сауал тууы заңдылық. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқында» еңбегінде: «Мениң ойымша, мұндай ықпалдастық құрылымдардың есігі түркі халықтарына, тіпті

түркі емес халықтарға да әркашан ашық болуы тиіс. Өйткені өзгелерден іргені аулақ салу мәдени томага-тұйықтыққа және тоқырауға ұрындырмай қоймайды. Әрбір мәдениет өркенисттердің бір-бірімен жанасып, ортақ тіл тауыш араласуы арқасындаған өзінің дербес тұтастығы мен ұқсастығына қол жеткізе алады. Өзінің бұрынғы бастауларына оралады...

Түркі әлемі барлық уақыттарда да әртүрлі халықтар мен мәдениеттердің бір-бірімен байланыстыратын дәнекер буын болып келді» [6], – деп Түркі халықтарының барлық халықтармен әруақытта мәдени байланыста болғанын ескертеді.

Сондықтан мемлекетіміз қандай саяси немесе экономикалық одаққа енбесін, бірінші кезекте ұлттық экономикалық және мәдени мұдделерімізге қайта бойлауы шарт. Сондай-ақ аталмыш ұғымдарды құру туралы ұсыныстардың Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа тиісті екенін ұмытшаганымыз аздал.

Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ресей Президенті Б.Н.Ельцинге жазған хатында: «Қазақстан интеграцияның аса тығыз формаларына да дайын болатын... Бұған Қазақстан тараҧы жасаған төрг мемлекеттің Келісімі шенбериңдегі ортақ экономикалық қеңістік құру туралы Келісім шарттың жобасы дәлел бола алатын еді» [5], – дейді.

Кедендей Одақ туралы Келісім 1997 жылы Кедендей Одақтың қалыптастырылған кездегі тарифтік емес реттеудің ортақ шаралары Келісім-шарт және Кедендей одақ құру келісіміне қатысушы мемлекеттердің Дүниежүзілік сауда үйімінен енү кезіндегі Халықаралық сауда келіссөздері жайындағы Хаттамамен толықты. Бұл құжаттар тараҧтардың әртүрлі экономикалық салалардағы қызметтері мен міндеттемелерінің ортақ принциптерін айқында берді.

Кедендей Одақ шенбериңде тауарлар мен қызмет көрсетудің еркін қозғалысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Президенті қазіргі кезде қолданылып отырған тарифтік шектеулерді алып тастауды не елеулі түрде қысқартуды, сандық шектеулерді және өзара саудадағы тарифтік емес реттеудің өзге де шараларын жоюды, тараҧтардың кедендей территорияларындағы тауарлар транзитіне шектеуді алып тастауды ұсынды.

Отын-энергетикалық салада Н.Ә.Назарбаев жаңа сапалық біріккен энергожүйені құру, қуат көздерін екі жақты тасымалдау мәселелерін шешеу қажеттігін атап көрсетті [5].

Посткеңестік қеңістіктегі экономикалық ықпалдастықты терендегу мен оның қозғалысын қүштейту қажеттігі алдыңғы кезекке шықты.

Айқын белгіленген функционалдық құрылымы мен тиімді қызмет ету механизмдері және алға қойған нақты да анық мақсаттары бар, толыққанды мемлекетаралық үйімді құру Еуразиялық интеграцияның жаңа кезеңі болды. Бұл үйім Еур Аз ЭҚ (Еуразиялық Экономикалық қауымдастық) болатын.

Мәмбетова М. Түркілдес мемлекеттердің интеграциясы.

Елбасы бұл жобаның күндылығын былай дәлелдейді: «Еуразиялық Одақты құру моделінің негізіне алынған базалық жәйттер, дөлірек айтқанда, экономикалық мақсатқа, қатысушы мемлекеттердің ішкі және сыртқы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге негізделген көп деңгейлігі және әр қылыштықтың интеграция – міне, осының бәрі бүтінде жұмыс істеп тұрган интеграциялық бірлестіктің көрініс ташқан» [7].

Еуразиялық интеграцияның мейлінше көтерілуіне Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің рөлі айрықша. Еуразиялық Экономикалық қауымдастық құру туралы Келісім-шартқа Қазақстан, Ресей, Беларуссия, Қыргызстан, Тәжікстан президенттері 2000 жылғы 10 қазанды Астанада қол қойды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев бір газетке берген сұхбатында: «Қазақстан ЕурАз ЭК-тың мүшесі ғана емес, оның бастамашысы және бұл бірлестіктің шын мәнісіндегі «отаны» болыш табылады» [4], – деген болатын.

Еуразиялық интеграцияны ілтері жылжыту мен дамытуда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі орасан зор.

Түркі мемлекеттерінің интеграциясы тәуелсіздігіне қол жеткізген үлкенді-кішілі мемлекеттердің бірлігі мен дамуына, мәдени экономикасының артуына мол мүмкіндігін туғызады. Түркі дүниетанымында бірлік идеясы әр уақытта болған. Түркі әлемінің бірлесуі қажеттілікten туған дүние. Әлем саясаткерлерінің пайымдауышы, XXI ғасырдың екінші ширегінен бастап дүниежүзіндегі геосаяси құштердің салмағы Азия құрлығының Орталық және Шығыс бөлігіне түсіу ықтимал. Американың «Үлкен таяу Шығыс» жобасы, Қазақстан аймағында Қытайдың салмағы мен қысымы, Ресей, Еуропа одағы, Иран және Үндістан сияқты державалардың Орталық Азияға қатысты саясиэкономикалық жоспарларының болуы, Түркі мемлекеттерінің бірлесуіне негізгі себеп болады.

Түркі мемлекеттерінің қайта бірлесуі Еуразия Кеңістігіндегі құштердің тере-теңдігін сақтайды. Түркі Кеңесі Қазақстанның Еуразиялық Одаққа тәуелді болып келуінен сақтайды. Тәуелсіздігіне енді ғана қолы жеткен түркі мемлекеттері жаһандану сияқты қауіш-қатерлерге бірлесіп жауап беруге мүдделі. Түркі интеграциясының мақсаты - өзге мәдени, этностық тоштарға құш көрсету емес, керісінше өзінің түркілік болмысын, мәдениетін, тілін сакташ, ортақ мәдени-ақпараттық кеңістік құру, саудасаттықты, шаруашылықты нығайту, өзара тиімді экономикалық жобаларды іске асыру.

Бұғынгі таңда іс жүзіне асырылып жатқан жұмыстар түркі елдері интеграциялық дамуына мол мүмкіндік туғызады. Қазақстан, Түркіменстан, Әзірбайжанның табиғи энергетикалық байлығы, Түркияның, Өзбекстанның біллекті жұмыс күпі, Қазақстан мен Түркияның халықаралық беделі мен геоэкономикалық жағдайы, Каспийдің энергетикалық қорларын Түркия арқылы Еуропага жеткізуін мүмкіндігі, Түркия мен Еуропаның сапалы

сауарларын «Жібек жолы» жобасы арқылы Қытайға жеткізудің мүмкіндігі, Түркия мен Еуропаның нарығына шығу сияқты экономикалық факторлар интеграцияның тиімділігін арттырады. Тұркітілдес елдер тығызыңтымақтастықта болғандағанда үлкен мүмкіндіктеге қол жеткізе алады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Тұймебаев Ж. Тұбі бір Түркия: тоғысқан 20 жыл // Егемен Қазақстан. 22 мамыр 2012 ж. 1-2-б.
2. Момынқұлов Ж. Тұркітілдес мемлекеттер интеграциясы // Егемен Қазақстан. 10 қаңтар 2013 ж. 4-б.
3. Тайыр Мансуров. Нұрсұлтан Назарбаевтың өмірде жүзеге асқан Еуразиялық жобасы. –М., Реал-Пресс, 2012. –320 с.
4. Интервью Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева журналу «Caspian Energy» октябрь, 2005 г. //www.akorda.kz
5. Переписка Президентов Российской Федерации Бориса Николаевича Ельцина с главами государств и правительств. 1996-1999: в 2 т. Т. 1. М.: БРЭ 2011. С. 398.
6. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Еуразиялық интеграция...» Халықаралық форумында сөйлеген сөзінен. Астана, 18-19 маусым 2004. // www.akorda.kz

РЕЗЮМЕ

Интеграция тюркских государств зарождает много возможностей усилению культурной экономики, единства и развития больших и малых государств взявшим независимость. В статье речь идет о предпосылках выявляющих цель тюркской интеграции.
(Мамбетова М. Интеграция тюркских государств)

SUMMARY

Integration of the Turkic states engenders many opportunities strengthening cultural economy, unity and development of large and small states have taken independence. The article focuses on the premises which revealed Turkic integration goal.
(Mambetova M. Integration of Turkic states)

ÖZET

Türk devletlerinin entegrasyonu bağımsızlığa kavuşan büyük-küçük devletlerin birliği ile gelişimini, kültür ve iktisadi olumlu etkilemezdir. Makalede türk entegrasyonunun aracını belirleyen ön şartlardan söz edilmektedir.
(Mambetova M. Türk devletlerinin entegrasyonu)